XEROX®

Нұсқа 1.0, желтоқсан 2007 ж.

# Phaser 5335
# Пайдаланушыға арналған нұсқау

## 1.2 Шоғырсымды қосу

Басып шығарғышты компьютеріңізге қосылу әдісіне сәйкес интерфейстік шоғырсымның кемегімен қосыңыз.
Интерфейстік шоғырсым басып шығарғыштың жабдықталу жиынтығына кірмейді. Сіз оны белек сатып алуыңыз керек.

### Параллельді қосылу

1. Басып шығарғыш қуат көзін сендіріңіз.



2. Параллельді шоғырсым қосықышының айырын басып шығарғыштың интерфейстік қосықшына қондырыңыз.
   Параллельді интерфейстік қосықшында шоғырсымды қосқыштың екі жағындағы қысқыштардың кемегімен бекітіңіз.
3. Айырды шоғырсымның басқа ұшынан компьютеріңіздің қосықышына қондырыңыз.
4. Басып шығарғышты қосыңыз.

### USB порты арқылы қосылу

USB қосылуын пайдалану кезінде шоғырсымды қосу алдында компьютеріңізде басып шығарғыш драйверін орнатыңыз. Орнату бойынша нұсқаулар «1.6 Басып шығарғыш драйверін орнату» (17-і бет) белімінде және құжаттамасы бар компакт-дискте келтірілген.

1. Басып шығарғыш қуат көзін сендіріңіз.



2. USB шоғырсым қосқышының айырын басып шығарғыштың интерфейстік қосқышына қондырыңыз.
3. Айырды USB шоғырсымының басқа ұшынан компьютеріңіздің қосқышына қондырыңыз.
4. Басып шығарғышты қосыңыз.

## Желілік қосылу

100BASE-TX немесе 10BASE-T қолдайтын «тік» желілік шоғырсымды пайдаланыңыз.

1. Басып шығарғыш қуат кезін сендіріңіз.



2. Желілік шоғырсым қосқышының айырын басып шығарғыштың интерфейстік қосқышына қондырыңыз.

3. Айырды желілік шоғырсымының басқа ұшынан желілік құрылғыға, мысалы концентраторға қондырыңыз.

4. Басып шығарғышты қосыңыз.

# 1.3 Желілік ортаны баптау

Бұл белімде басып шығарғышыңызды TCP/IP ортасында орнату жолдары сипатталған. Басып шығарғышты басқа ортада орнату жағдайында нұсқауларды құжаттамасы бар компакт-дискте қараңыз.

## IP-мекен-жайды баптау

TCP/IP хаттамасын пайдалану үшін сіз басып шығарғыштың іP-мекен-жайын конфигурациялауыңыз қажет.
Үнсіздік бойынша басып шығарғыш [DHCP/Autonet] атқарымының кемегімен ез IP-мекен-жайын (басқару панеліндегі [IP-мекен-жайды алу] баптаунының кемегімен) алуға бапталған. Осылайша, егер басып шығарғыш DHCP сервері бар желіге қосылса, онда басып шығарғыш іP-мекен-жайын автоматты түрде алады.
Басып шығарғышта IP-мекен-жайдың бар-жоғын тексеру үшін [Басып шығарғыш баптаулары] тізімін басып шығарыңыз.
Егер басып шығарғышта IP-мекен-жай болмаса, онда [Панельде] [IP-мекен-жайды алу] орнатыңыз және мекен-жайды конфигурациялаңыз.

| Желі | |
|---|---|
| Микробағдарлама | 94.06 |
| нұсқасы | 08:00:37:50:08:2 |
| MAC мекен-жайы | 9 |
| Ethernet | Автоматты |
| баптаулары | |
| TCP/IP | ПНГР/Alltonfth |
| IP-мекен-жайды | 192.168.1.100 |
| алу | 255.255.255.0 |
| IP-адрес | 192.168.1.254 |
| Желіше маскасы | |
| мекен-жайы | Дайын |
| Күй | |

Егер IP-мекен-жай тізімде керсетілсе, онда бұл рәсімнен аттаңыз.

Егер IP-мекен-жай керсетілмесе немесе егер сіз ағымдағы IP-мекен-жайды ауыстырғыңыз келсе, онда бұл баптауды келесі рәсімнің кемегімен конфигурациялаңыз.

**Ескерту**

- [Басып шығарғыш баптаулары] тізімін басып шығару жолдары туралы қапарат "7.2 Есептерді / тізімдерді басып шығару" (145-і бет) бөлімінде келтірілген.
- Басып шығарғыш сондай-ақ өз IP-мекен-жайын BOOTP немесе RARP серверінің көмегімен ала алды. BOOTP немесе RARP серверін пайдалану кезінде [BOOTP] немесе [RARP] ішінде [IP-мекен-жайды алу] баптаңыз.
- DHCP серверін пайдалану кезінде басып шығарғыш IP-мекен-жайы хабарландырусыз өзгеруі мүмкін. Міндетті түрде IP-мекен-жайды тексеріп тұрыңыз.
- WINS (Windows ғаламтор-аттар қызметі) ортасында DHCP хаттамасын пайдалану үшін желілік кеңейтудің платасы орнатылуы тиіс (опциондық).

Басып шығарғыш IP-мекен-жайын басқару панелінен конфигурациялау үшін келесі рәсімді орындаңыз.
Сіздің желілік ортаңызға қарай басып шығарғыш үшін желіше маскасы және шлюз мекен-жайы қажет болуы мүмкін.
Басып шығарғышыңызға қажетті баптаулар қатысында езіңіздің жүйелік әкімгеріңізге жүгініңіз.

# 2 Негізгі операциялар

## 2.1 Бас тораптар және атқарымдар

### Бас блок

**Сол жақтан алдыңғы көрініс**




| № | Атауы | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | Үстіңгі қақпақ | Принт-картриджді ауыстыру немесе қағаздың тұрып қалуын жою кезінде ашылады. |
| 2 | Вентиляция тесігі | Басып шығарғыш ішінің қызып кетуін болдырмау үшін жылуды шығарады. Маңызды ақпарат<br>• Вентиляция тесігіне ешқандай заттарды қоймаңыз. Вентиляция тесігінің басылуы басып шығарғыш жұмысындағы жаңылыстарды шақыра алатын басып шығарғыштағы жылудың жиналыуына алып келе алады. |
| 3 | Басқару панелі | Басқару батырмаларын, индикаторлық шамдарды және дисплейді езіне қосады. Толығырақ бұл «Басқару панелі» (24-і бет) белімінде сипатталған. |
| 4 | Үстіңгі қақпақ | Дуплекстік (опциондық) блокты орнату немесе беру шығыршықгарын тазарту ашылады. |
| 5 | Алдыңғы қақпақ | Принт-картриджді ауыстыру немесе қағаздың тұрып қалуын жою кезінде ашылады. |
| 6 | Науа 1 (айналма науа) | Мұнда басып шығаруға арналған қағазды науа 1-ден жүктеңіз. Бұл науаға жай қағазды және арнайы материалдарды, мысалы ашық хаттар мен хатқалталарды жүктеуге болады. Қажет болған жағдайда оны екі кезеңде кеңейтуге болады. |
| 7 | Қуат кезін сендіргіші | Басып шығарғыш қуат көзін қосады/сендіреді. Сендіргшті <\|> қалыбына ауыстыру кезінде қуат кезі қосылады, ал оны <0> қалыбына ауыстыру кезінде - сенеді. |
| 8 | Науа 2 | Мұнда қағазды жүктеңіз. Бұл қағазға арналған стандартты науа. |
| 9 | Науалар 3, 4 және 5. 550 бетті беруге арналған құрылғы (опциондық) | Егер басып шығарғышта 550 бетті беруге арналған қосымша құрылғы орнатылса (бұдан әрі – «беру құрылғысы»), мұнда қағазды жүктеңіз. Жоғарғы суретте үш беру құрылғысы (қосымша жабдық) бар басып шығарғыш керсетілген.<br>Ескерту<br>• Науалар 3, 4 және 5 Phaser 5335 аппаратына қосуға болады. |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Вентиляция тесігі | Басып шығарғыш ішінің қызып кетуін болдырмау үшін жылуды шығарады. |
| 11 | Алдыңғы қақпақты босату рычагы | Принт-картриджді ауыстыру немесе қағаздың тұрып қалуын жою кезінде ашылу кезінде езіңізге қарай тартыңыз. |
| 12 | Шығу науасы | Баспаларды беттік жағын темен қаратып шығарады. |
| 13 | Шығу науасының ұзартқышы | Баспалардың шығу науасынан түсіп қалуды болдырмау үшін ұзартылады. |

### Оң жақтан артқы көрініс




| № | Атауы | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | Артқы қақпақ | Жадыны немесе ТЕҚ орнату кезінде орнатылады.<br>Артқы қақпағы шешілген және метал қақпағы ашық контроллер платасы<br>Жады платасы ажыратқышы Желілік кеңейтудің платасы ажыратқышы<br><br>ТЕҚ ажыратқышы<br>Қатты магнит дискі үшін ажыратқыш |
| 2 | Вентиляция тесігі | Басып шығарғыш ішінің қызып кетуін болдырмау үшін жылуды шығарады. Маңызды ақпарат<br>• Вентиляция тесігінің жабылуы басып шығарғыш жұмысындағы жаңылыстарды шақыра алатын басып шығарғыштағы жылудың жиналыуына алып келе алады. |
| 3 | USB ажыратқышы | Басып шығарғышқа US B шоғырсымын қосу үшін. |
| 4 | Параллельдік порт ажыратқышы | Басып шығарғышқа параллельдік интерфейс шоғырсымын қосу үшін. |
| 5 | Желілік интерфейстік ажыратқыш | Басып шығарғышқа желілік  шоғырсымды қосу үшін. Желілік шоғырсым басып шығарғышты желіге қосу үшін пайдаланылады. |
| 6 | Науалар қақпақтары | Қағазға арналған науалардың артқы қақпақтары. |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Қуат кезі сымының ажыратқышы | Басып шығарғышқа қуат кезі сымын қосу үшін. |
| 8 | Автоматтық сендіргіш | Токтың жылыстауы пайда болу жағдайында автоматты түрде қуат тізбегін сендіреді. |

## Ішкі көрініс




| № | Атауы | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | Екі жақты басып шығару блогы (В екі жақты басып шығару блогы) | Екі жақты басып шығару модулін кіріктіретін блок (опциондық). Егер екі жақты басып шығару блогы орнатылса, онда екі жақты (дуплекстік) басып шығаруды орындауға болады. |
| 2 | Термиялық бекіту блогы | Тонерді жылудың және қысымның кемегімен қағазда бекітеді.<br>Маңызды ақпарат<br>• Басып шығарғыштың жұмыс істеуі кезінде термиялық бекіту блогына тимеңіз. Термиялық бекіту блогы басып шығару үрдісі кезінде қатты қызады. |
| 3 | Принт-картридж | ішінде тонер, фотоеткізгіш атанақ және бейнені шығару блогы орналасқан картридж. Басып шығарғыштар ақшыл болғанда немесе басып шығару сапасы темедегенде ауыстырылады. |
| 4 | Екі жақты басып шығару блогы (А екі жақты басып шығару блогы) | Екі жақты басып шығару модулін кіріктіретін блок (опциондық). |
| 5 | ішкі қақпақ | Екі жақты басып шығару блогының қақпағы. Қағаздың тұрып қалуларын жою кезінде ашылады. |

## Басқару панелі




| № | Белгіше | Атауы | Сипаттамасы |
|---|---|---|---|
| 1 | | Индикатор | Қате пайда болған жағдайда СК дисплейдегі хабарламада керсетілген қиындықгың пайда болу орнын тексеру үшін бұл мнемосхеманы пайдаланыңыз. |
| 2 | | Сұйық кристалды дисплей | Басып шығарғыш күйін, мәзір баптарын және хабарламаларды керсетеді.<br>• «Басқару панелінің дисплейі» (26-і бет) қараңыз. |
| 3 | | <Мәзір> батырмасы | Мәзір терезесін қарау үшін басыңыз. |
| 4 | OK / ≏ | <OK/Шығару> батырмасы | Мәзір терезесінде таңдалған мәзір бабын растау үшін басыңыз. Бұл батырма сондай-ақ есептерді/тізімдерді басып шығару кезінде пайдаланылады. |
| 5 | | <Энергияны үнемдеу> кемескі жарығы бар батырма | Энергияны үнемдеу режимінен шығу үшін басыңыз. Бұл батырма басып шығарғыштың энергияны үнемдеу режимінде болғанында жанады. |
| 6 | C/⊘ | <Тапсырманы жою> батырмасы | Басып шығаруды тоқгату үшін басыңыз. |
| 7 | | <▲>, <▼>, <◄>, <►> button<br><br>Secure/Sample Print icon | Келесі мәзірге, бапқа немесе нұсқаға ету үшін басыңыз. Батырма сондай-ақ Қорғалған/Байқама басып шығару атқарымы үшін пайдаланылады.<br>Ескерту<br><◄> немесе <▼> батырмасын ұстап тұру кезінде мәзір, баптар және нұсқалар бойынша циклдық орындалады. <▲> және <▼> батырмаларын бір уақытта басу кезінде үнсіздік бойынша мәндер керсетіледі.<br>Қорғалған/Байқама басып шығару атқарымын пайдалану үшін қатты магнитті диск (опциондық) орнатылуы тиіс. |
| 8 | | <Байланыста> батырмасы | Басып шығарғышты автономдық күйге ауыстыру үшін басыңыз. Егер басып шығарғыш автономдық күйде болса, онда <Дайын> индикаторы ешеді және басып шығарғышта басып шығаруға болмайды. Бұл батырманы қайта басу кезінде басып шығарғыш автономдық режимнен байланыс режиміне (басып шығаруға дайындық күйі) етеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 |  | <Қате> индикаторы | Қатенің пайда болуы кезінде жылтылдайды немесе жанады. |
| 10 |  | < Дайын > индикаторы | Басып шығарғыш басып шығаруға дайын болған кезде жанады. |

# 3. Басып шығару

Бұл белімде PCL басып шығарғыш драйверінің кемегімен басып шығару әдістері сипатталған.

## 3.1 Компьютерден басып шығару

Бұл белімде басып шығару тапсырмаларын Windows қосымшаларынан жіберудің негізгі рәсімдері сипатталған. Келесі рәсімде мысал ретінде WindowsXPWordPad пайдаланылады.

(пайдаланылатын қолданбалы бағдарламаға қарай рәсімдер ерекшеліуні мүмкін)

1. Қосымшаның [File] (Файл) мәзірінде [Print] (Басып шығару) басыңыз.
2. Басып шығарғыштарды таңдау тізімінен басып шығарғышты таңдаңыз және содан кейін Properties (Ерекшеліктер) диалог терезесіне етіңіз. WindowsXPWordPad ішінде диалог терезесін ашу үшін [Preferences] (Баптаулар) басыңыз.




3. Қажетті қосымша бетке етіп басып шығарудың қажетті параметрлерін баптаңыз.
   Баптауларды конфигурациялауды аяқтағаннан кейін диалог терезесін жабу үшін [OK] басыңыз.
   Толығырақ басып шығарудың параметрлері басып шығарғыш драйверінің анықтамалық жүйесінде сипатталған.




Анықтаманы қалай шақыруға болады:

(1) [?] және анықтамасы қажет баптың үстінен басыңыз.
Бұл бап бойынша анықтама терезесі ашылады.
(2) [Help] (Анықтама) басыңыз. [Help] (Анықтама) терезесі ашылады.

4. Басып шығаруды іске қосу үшін [Print] (Басып шығару) диалог терезесінде [Print] (Басып шығару) шертіңіз.

## Properties (Ерекшеліктер) диалог терезесіндегі атқарымдар

Теменде басып шығарғыш драйверінің әрбір қосымша бетінде қол жетімде басып шығарудың кейбір атқарымдары сипатталған. Толығырақ басып шығарудың атқарымдары басып шығарғыш драйвері үшін интеркативтік анықтамада сипатталған.

| Қосымша бет | Атқарым | | |
|---|---|---|---|
| Қағаз/Шығару | • 2-жақты басып шығару<br>Құжаттарды парақгардың екі жағынан да басып шығару.<br> | • Атқарым Қағаз/Шығару<br>Қорғалған басып шығару құжатты уақытша басып шығарғышта сақгауға және оны қолдан басқару панелінен басып шығаруға мүмкіндік береді | • Байқама басып шығару<br>құжаттың байқау кешірмесін басып шығаруға және нәтижелерді тексергеннен кейін барлық кешірмелерді басып шығаруға болады. |
| | • Қабықшаларды белпштер қабықашада басып шығару кезінде Автоматты түрде белгіштерді құжаттардың арасында орналастырады.<br> | | Таңдаулы Басып шығарудың жиі қолданылатын баптауларын бағдарламалауға мүмкіндік береді. |
| Графика | • Бейнелер түрі<br>Түпнұсқа түрін анықгауға және басып шығарудың оңтайлы сапасымен басып шығаруға мүмкіндік береді. | | |
| Макет | • Брошюра жасау 2-жақгы құжаттардың жиынтығынан брошюраларды жасау. Әрбір бет баспаларды шығарудан және оларды бүктеуден кейін оларды брошюраға жинауға болатындай етіп орналастырылады<br> | | • Плакат<br>Бастапқы құжатты үлкейтіп оның бейнесін қағаздың бірнеше парағына белуге мүмкіндік береді. Содан кейін оларды үлкен плакат алу үшін жапсыруға болады.<br> |
| | • Мульти бейнелер<br>Бірнеше бетп бір қағазға басып шығару.<br> | | |
| Су белгілері/ Нысандар | • Су белгілері түпнұсқа бейнесінің астына су белпсін, мысалы «Құпиялы» қосады.<br> | Нысандар<br>Жиі пайдаланылатын нысандарды басып шығарғышта сақгау. Бұл уақытты үнемдейді, себебі оларды пайдалану кезінде басып шығарғышқа жіберу қажет емес.<br> | |

Ескерту

- Properties (Ерекшеліктер) диалог терезесі сондай-ақ [PrintersandFaxes] (Басып шығарғыштар және факстар) терезесінде (немесе пайдаланылатын операционды жүйеге қарай [Printers] (Басып шығарғыштар) терезесінде) белгішені басу арқылы ашуға болады.
  Мұнда берілген баптаулар қосымшадан диалог терезесін шақыру кезінде үнсіздік бойынша баптаулар болады.

# 3.6 Құпия құжаттарды басып шығару
# - Қорғалған басып шығару -

Егер басып шығарғышта опциондық қатты магнит дискі орнатылса, онда сіз қорғалған басып шығару атқарымын пайдаланыла аласыз.

## Қорғалған басып шығару атқарымы

Қорғалған басып шығару – бұл парольмен қорғалған құжатты басып шығарғышқа жіберуге мүмкіндік беретін атқарым. Басып шығарғыш бұл құжатты бірден басып шығармай, сіз басып шығаруды басқару панелінен қолдан іске қоспайынызша, уақытша оны сақгайды. Бұл атқарым парольмен қорғалмаған құжаттарды сақгауға мүмкіндік береді. Егер сіз басып шығарғышта жиі пайдаланылатын құжаттарды сақгасаңыз, онда сіз оларды әрбір рет компьютерден жібермей, қажет болған кезде басып шығара аласыз.
Деректерді басып шығару
Басқару панелінен деректерді басып шығару




Ескерту

- Қорғалған басып шығару тапсырмасын басып шығару кезінде басқару панелінен оны басып шығаруды аяқгағаннан кейін жою керек пе көрсетуге боладды. Толығырақ ақпарат «Басқару панеліндегі әрекеттер» (53-і бет) бөлімінде келтірілген.
- Егер [Қорғалған басып шығару] > [Атқарымды белсендіру] [Сөндірілген] етіп бапталса, қорғалған басып шығару тапсырмаларын басып шығаруға болмайды.

## Қорғалған басып шығару атқарымының көмегімен басып шығару

Қорғалған басып шығару тапсырмасын жіберу үшін теменде керсетілгендей баптауларыңызыды конфигурацияланыз. Сіз қорғалған басып шығару тапсырмасын басқару панелінде қоршаудан шығара аласыз.

### Компьютеріңіздегі әрекеттер

Келесі рәсімде мысал ретінде WindowsXPWordPad пайдаланылады.

Ескерту

- Properties (Ерекшеліктер) диалог терезесін шақыру әдісі пайдаланылатын қосымшаға тәуелді. Қосымшаңыздың құжаттамасын қараңыз.

1. [File] (Файл) мәзірінде Print] (Басып шығару) басыңыз.
2. Басып шығарғыштарды таңдау тізімінен басып шығарғышты таңдаңыз және [Preferences] (Баптау) басыңыз.

3. [Қорғалған басып шығару] диалог терезесі ашылады




4. [Пайдаланушы ID] жолына пайдаланушы атын енгізіңіз.

Пайдаланушы аты 8-ден артық әріптік-цифрлық таңбалардан тұра алмайды.




5. Қаже болған жағдайда [Пароль] жолына парольді енгізіңіз. Пароль 12-ге дейін цифрлардан тұру мүмкін.
6. [Құжат атын алу] жолында [Құжат атын енгізу] немесе [Авто алу] таңдаңыз.

Егер [Құжат атын енгізу] таңдалса, онда [Құжат аты] жолына қажетті атты енгізіңіз. Құжат аты 12-ден артық әріптік-цифрлық таңбалардан тұра алмайды.

Егер [Авто алу] таңдалса, онда құжат аты басылып шығарылған құжаттың аты болады. Егер басып шығарғыш құжат атын орната алмаса, онда құжат аты құжатты басып шығару күні және уақыты болады.

7. [Қорғалған басып шығару] диалог терезесін жабу үшін [OK] батырмасын басыңыз.
8. [Басып шығаруды баптау] диалог терезесін жабу үшін [OK] батырмасын басыңыз.
9. [Қағаз/Шығу] қосымша беті ашылады.

[Тапсырма түрі] жолында [Қорғалған басып шығару] таңдаңыз және [Баптау] батырмасын басыңыз.

Басып шығаруды іске қосу үшін [Print] (Басып шығару) диалог терезесінде [Print] (Басып шығару) үстінен шертіңіз.

## Басқару панеліндегі әрекеттер

Теменде қорғалған басып шығару тапсырмасын қалай қоршаудан шығаруға болатындығы түсіндіріледі.

Ескерту

- Қорғалған басып шығару тапсырмасын оны басып шығарусыз жою үшін келесі рәсімдегі 8-кезеңнен кеиін [Алып тастау] таңдаңыз.
- Егер мәзір терезесі күту режимінд 3 минуттан артық қалдырса, онда дисплей басып шығару терезесіне оралады. Бұл ретте 3 минут бұрынырақ мәзір терезесінде орындалған барлық аяқгалмаған баптаулар күшін жоғалтады.

1. Басқару панелінде <◄> батырманы басыңыз.

   Басып шығару мәзірі
   Қорғалған басып шығару

2. Таңдауды растау үшін <►> батырмасын басыңыз. Пайдаланушы ID пайда болады.

   Атты таңдаңыз
   UserI

3. Қажетті Пайдаланушы ID <▼ > батырмасын басып тұрыңыз.

Ескерту

- Пайдаланушы ID - басып шығарғыш драйверінің [Қорғалған басып шығару] диалог терезесінде [Пайдаланушы ID] жолына енгізілген ат.

4. Таңдауды растау үшін <►> батырмасын басыңыз. Парольді енгізуге мүмкіндік беретін экран керсетіледі.

   Пароль+Беру батырмасы
   [_ ]

5. <▲> және <▼> батырмаларының кемегімен парольді енгізіңіз. Курсордың орын ауыстыруы үшін <►> батырмасын пайдаланыңыз.

   Пароль+OK
   [*** ]

**Ескерту**

- Басып шығарғыш драйверінің [Қорғалған басып шығару] диалог терезесінде [Пароль] жолында көрсетілген парольді енгізіңіз. Егер пароль бапталмаған болса, онда сізге оны басқару панелінде енгізуге ұсынбайды.

6. Баптауыңызды растау үшін OK/⏏ <OK/Шығару> батырмасын басыңыз. Басып шығарғышта сақталатын құжат аты керсетілетін болады.

   Құжатты таңдау
   Есеп

7. Қажетті құжат аты пайда болмайынша <▼> батырмасын басып тұрыңыз.

**Ескерту**

- Құжат аты - басып шығарғыш драйверінің [Қорғалған басып шығару] диалог терезесінде енгізілген ат.
- Егер басып шығарғышта бірнеше құжат сақгалса, онда сіз сондай-ақ [Барлық құжаттар] бабын таңдай аласыз. Егер сіз [Барлық құжаттар] таңдасаңыз, онда сондай-ақ [ДК баптаулары] (басып шығарғыш басып шығарғыш драйверінде көрсетілген басып шығару сапасымен басып шығарады) немесе [ххх жиынтық] (сіз баспалар санын енгізуге тиіссіз) таңдаңыз.

8. Таңдауды растау үшін <►> батырмасын басыңыз. Құжатты оны басып шығарудан кейін жою керектігін немесе сақтау керектігін керсетуге мүмкіндік беретін экран керсетіледі.

| |
|---|
| Басып шығару<br>және жою |

Ескерту

- Егер құжатты басып шығармай жою қажет болса, <▼> батырмасын басыңыз. [Жою) пайда болады, <►> батырмасын, содан кейін ОК/⏏ <OK/Шығару> батырмасын басыңыз.
- Егер құжатты оны басып шығарудан кеиін қатты дискте сақтау керек болса, <▼>. [Басып шығару және сақтау] пайда болады – 9-кезеңге өтіңіз.

9. Таңдауды растау үшін <►> батырмасын басыңыз.

| |
|---|
| Санды енгізіңіз<br>1 жиынтық* |

10. <▼> батырмасының кемегімен санын енгізіңіз

11. Құжатты басып шығару үшін ОК/⏏ <OK/Шығару> батырмасын басыңыз. Басып шығару басталады.

# 4.7 Басып шығару нәтижелерін тексерғеннен кейін басып шығару – Байқама басып шығару –

Егер басып шығарғышта опциондық қатты магнит дискі орнатылса, онда сіз байқама басып шығару атқарымын пайдаланыла аласыз.

## Байқама басып шығару атқарымы

Байқама басып шығару – бұл көп жиынтықгы жұмыстың байқау жиынтығын басып шығаруға және байқау жиынтығын тексергеннен кейін қалған жиынтықтарды басып шығаруға мүмкіндік беретін атқарым. Барлық жиынтықгар басқару панелінен басылып шығарылмайынша, тапсырма басып шығарғыштың магнит дискінде сақгалады.




**Ескерту**

- Басып шығарусыз  байқама басып шығару тапсырмасын жою «Басқару панеліндегі әрекеттер» (57-і бет) бөлімінде сипатталған.
- Егер [Қорғалған басып шығару] > [Атқарымды белсендіру] [Сөндірілген] етіп бапталса, байқама басып шығару тапсырмаларын тапсырмаларын басып шығаруға болмайды.

## Байқама басып шығару атқарымының көмегімен басып шығару

Тапсырманы байқама басып шығару үшін компьютеріңізде келесі баптауларды конфигурациялаңыз және тапсырманы басып шығарғышқа жіберіңіз. Сіз қарау үшін басқару панелінен байқама басып шығаруды қоршаудан шығара аласыз.

### Компьютеріңіздегі әрекеттер

Келесі рәсімде мысал ретінде WindowsXPWordPad  пайдаланылады.

Ексерту

- Properties (Ерекшеліктер) диалог терезесін шақыру әдісі пайдаланылатын қосымшаға тәуелді. Қосымшаңыздың құжаттамасын қараңыз.

1. [File] (Файл) мәзірінде [Print] (Басып шығару) басыңыз.
2. [Кешірмелер саны] баптауы үшін «2» немесе одан жоғары мәнді таңдаңыз.

Ескерту

- [Көшірмелер саны] баптауы үшін «2» немесе одан жоғары мән көрсетілген кезде [Байқама басып шығару] баптауы қол жетімді болады.

3.7 Нәтижелерді тексергеннен кейін басып шығару – Байқама басып шығару –

## 4.2 Қағазды жүктеу

Бұл белімде науа 1-ге (айналма) және науалар 2 – 5-ке қағазды қалай жүктеу керек екені сипатталған.

### Науа 1-ге (айналма) қағазды жүктеу

**Маңызды ақпарат**

- Қағазды Басып шығарғыш қуат көзі қосулы кезінде жүктеңіз.
- Бір уақытта әртүрлі қағаз түрлерін жүктемеңіз.
- Егер басып шығарғыш науа 1-деп қағазда басып шығарып отырса, қағазды науа 1-ден (айналма) алмаңыз және оған қоспаңыз. Бұл қағаздың тұрып қалуына алып келуі мүмкін.
- Науа 1-ге (айналма) қағаздан басқаларды қоймаңыз. Науаға төмен қарай баспаңыз және науаға шектен тыс күш салмаңыз.

1. Науа 1-ді басып шығарғыштан итеріңіз.



2. Ұзын қағазды жүктеу кезінде науа ұзартқышын барынша итеріңіз (ол шертпе дыбыспен бекітілмейінше). Егер қағаз тым ұзын болмаса, бәрібір ұзартқышты барынша итеріңіз.



3. Қағазды басып шығару жағын темен қаратып жүктеңіз.



4. Шектеуіштерді (бағыттауыштарды) елшем бойынша реттеңіз.




**Маңызды ақпарат**
Бағыттауыштардың қағазға сәл тиетінін тексеріңіз. Қатты қысылған немесе бос шектеуіштер қағаздың тұрып қалуына себепші болуы мүмкін.

**Ескерту**
Қағазды максималды жүктеу сызығынан жоғары жүктемеңіз. Бұл қағаздың тұрып қалуына алып келуі мүмкін.

**Ескерту**
Науа 1-ден (айналма) басып шығару кезінде басып шығарғыш драйверінде қағаз форматы мен түрін баптаңыз. Толығырақ ақпарат басып шығарғыш драйверінің оперативтік анықтамалық жүйесінде келтірілген.
Егер басқару панеліндегі [Айналу] [Панелдегі етіп] (үнсіздік бойынша:[Драйверде]) орнатылса немесе [Қағаз форматы] [Драйвер]-ден өзге (үнсіздік бойынша) нұсқаға орнатылса, онда басып шығару тапсырмасын жіберу алдында науа 1-ге (айналма) жүктелген қағаз форматы мен түрін баптаңыз. Басып шығарғыш басып шығарғыш драйверіндегі баптаулар басқару панеліндегі баптауларға сәйкес келгенде ғана тапсырманы басып шығарады. Толығырақ ақпарат «[Айналу]» (104-і бет) бөлімінде келтірілген.

## Науа 1-дегі (айналма) хатқалталарды беру бағыты

Науа 1-ге хатқалталарды жүктеу кезінде сіндетті түрде оларды дұрыс бағытта жүктеңіз.

| Жапсырылатын клапанды хатқалталар | Жапсырылмайтын клапанды хатқалталар | |
|---|---|---|
|  |  |  |
| Хатқалталарды мекен-жайы бар жағымен темен қарай және клапанды жиекпен оңға қарай жүктеңіз.<br>Клапандардың жабық болуын тексеріңіз. | Хатқалталарды мекен-жайы бар жағымен темен қарай және клапанды жиекпен басып шығарғышқа қарай жүктеңіз.<br>Клапандардың толық ашық болуын тексеріңіз.<br>Ескерту<br>• Қосымшаңызда шеттерді баптау кезінде клапан жақтағы шетке клапан ұзындығының (жоғарғы жиектен бүктелу сызығына дейін) жартысын қосыңыз. | Хатқалталарды мекен-жайы бар жағымен темен қарай және клапанды жиекпен солға қарай жүктеңіз.<br>Клапандардың толық ашық болуын тексеріңіз.<br>Ескерту<br>• Қосымшаңызда шеттерді баптау кезінде клапан жақтағы шетке клапан ұзындығының (жоғарғы жиектен бүктелу сызығына дейін) жартысын қосыңыз. |

Маңызды ақпарат
• Басып шығару сапасын жоғарылату үшін бүктелген немесе ширатылған, бір-біріне жабысқан немесе зақымдалған, терезешелері, перфорациясы, ойықтары немесе бедерлеуі бар, буу үшін баулары, метал ілмектері немесе жиықталатын метал жолақтары, жапсырылған пошта маркалары, клапандар жабық күйіндегі желімі бар, жиектері тегіс емес немесе бұрыштары майысқан, беті дөрекі немесе қатпарлы хатқалталарды пайдаланбаңыз.

# Науа 2-5 –ке қағазды жүктеу

2, 3, 4 және 5 науаларына 14 дюймнен <279.4 мм) ұзын қағазды, мысалы B4, A3 және 11 x 17 дюйм жүктеу кезінде сіз науаны ұзартуыңыз керек. Егер науа ұзартылған болса, онда оның ұзартылған белігі басып шығарғыштың артқы белігінен шығып тұрады.
A5, B5, A4 және 8.5 x 11 дюйм форматтарын ұзартылған науада альбомдік бағытта жүктеуге болмайды. A5, B5, A4 және 8.5 x 11 дюйм форматтарын альбомдік бағытта жүктеу кезінде науаны қысқартыңыз. Бұл үшін итерілген белікті науаға басып кіргізіңіз.
Науаны ұзарту (кеңейту) және қысқарту бойынша рәсімдер келесі рәсімнің 2 және 3 кезеңдерінде келтірілген.
Егер сізге науаны ұзарту немесе қысқарту қажет емес болса, 2 және 3 кезеңдерінен аттаңыз.




Теменде науа 2-ге қағазды қалай жүктеуге болатыны сипатталған. 3, 4 және 5 науаларына жүктеу рәсімі тура осындай.

**Маңызды ақпарат**
Науа 2-5 –ке қағазды жүктеу
Басып шығару кезінде қағазды науалардан алмаңыз және оған қоспаңыз. Бұл қағаздың тұрып қалуына алып келуі мүмкін.
Міндетті түрде қағазды басып шығарғыштың қуат көзі қосулы кезінде жүктеңіз.

1. Науаны барынша итеріңіз. Науаны екі қолмен ұстай отырып, оны сәл көтеріп алып шығыңыз.



2. Егер сізге науаны ұзарту қажет емес болса, онда 4-кезеңге етіңіз. Егер сізге науаны ұзарту (кеңейту) қажет болса, онда науадағы сол және оң құлақшаны жылжыта сыртқа қарай отырып, кеңейту ілмегін босатыңыз.



3. 2-кезеңде босатылған ілмек автоматты түрде бекітілмей тұрып науаны ұзартыңыз (немесе қысқартыңыз). (Мысал:Науа ұзартылды.)



4. (Бағыттауыштың) шектеуіш қысқышын науаның сол жағынан қысыңыз және оны қағаздың елшемі бойынша ауыстырыңыз (Мысал: А4 альбомдік)




5. Артқы шектеуіштің қысқышын қысыңыз және оны қағаздың елшемі бойынша жылжытыңыз. Қағаз форматы таңбасын шектеуіштегі таңбамен түзетіңіз.




6. Қағазды басып шығару жағымен жоғары қарай жүктеңіз.
Ескерту
• Қағазды максималды жүктеу сызығынан жоғары жүктемеңіз. Бұл қағаздың тұрып қалуына алып келуі мүмкін.



7. Қағаз форматы шкаласын науаға жүктелген қағаз форматына баптаңыз.
Ескерту
• Науаға ашық хаттарды, хатқалталарды немесе стандартты емес форматты қағазды жүктеу кезінде форматы шкаласын [*] етіп баптаңыз.



8. Науаны басып шығарғышқа барынша итеріңіз. Егер науа ұзартылған болса, онда оның ұзартылған белігі басып шығарғыштың артқы белігінен шығып тұрады.
Маңызды ақпарат
• Науаны қоя отырып, саусақгар науа мен басып шығарғыш немесе басқа науа (берудің қосымша құрылғылары орнатылған болса) арасына түспес үшін абай болыңыз.



9. Егер дисплейде қағаз түрін баптауды сұрайтын хабарлама керсетілсе, онда науаға жүктелген қағаз түрін баптаңыз.

**Ескерту**
• Қағаз түрін баптау кезінде баптарды таңдау үшін басқару панелінде <▲> немесе <▼> батырмасын басыңыз және содан кейін таңдауыңызды растау үшін <OK/Шығару><OK/ Шығару > батырмасын басыңыз. Басқару панелінен баптау рәсімі туралы ақпарат «Баптауларды езгерту» (77-і бет) белімінде келтірілген.

## 2-5 науалардағы хатқалталар үшін беру бағыты

2-5 науаларына хатқалталарды жүктеу кезінде оларды міндетті түрде дұрыс бағытта жүктеңіз.

| Жапсырылатын клапанды хатқалталар | Жапсырылмайтын клапанды хатқалталар | |
|---|---|---|
|  |  |  |
| Хатқалталарды мекен-жайы бар жағымен темен қарай және клапанды жиекпен оңға қарай жүктеңіз. Клапандардың жабық болуын тексеріңіз. | Хатқалталарды мекен-жайы бар жағымен жоғары қарай және клапанды жиекпен сізге қарай жүктеңіз. Клапандардың толық ашық болуын тексеріңіз. Ексерту • Қосымшаңызда шеттерді баптау кезінде клапан жақғағы шетке клапан ұзындығының (жоғарғы жиектен бүктелу сызығына дейін) жартысын қосыңыз. | Хатқалталарды мекен-жайы бар жағымен жоғары қарай және клапанды жиекпен солға қарай жүктеңіз. Клапандардың толық ашық болуын тексеріңіз. Ексерту • Қосымшаңызда шеттерді баптау кезінде клапан жақғағы шетке клапан ұзындығының (жоғарғы жиектен бүктелу сызығына дейін) жартысын қосыңыз. |

**Ескерту**
- Науаға хатқалталарды жүктеу кезінде қағаз форматы шкаласын [*] етіп баптаңыз.

**Маңызды ақпарат**
Басып шығару сапасын жоғарылату үшін бүктелген немесе ширатылған, бір-біріне жабысқан немесе зақымдалған, терезешелері, перфорациясы, ойықтары немесе бедерлеуі бар, буу үшін баулары, метал ілмектері немесе жиықгалатын метал жолақгары, жапсырылған пошта маркалары, клапандар жабық күиіндегі желімі бар, жиектері тегіс емес немесе бұрыштары майысқан, беті дөрекі немесе қатпарлы хатқалталарды пайдаланбаңыз.

# Қағаз форматтары / Науалардағы қағаз түрлері

Егер сіз 2-5 науаларына форматы стандартты қағазды жүктесеңіз, онда қағаз форматын және бағытын әрбір науада қағаз форматы шкаласының кемегімен баптаңыз. Егер сіз 2-5 науаларына форматы стандартты емес қағазды жүктесеңіз, онда қағаз форматы шкаласын [*] етіп баптаңыз.
Егер сіз науа 1-ге (айналма) немесе 2-5 науаларына форматы стандартты емес қағазды жүктесеңіз, онда қағаз форматын басқару панелінде қолдан баптаңыз.
Басып шығарғыш әрбір науаға жүктелген қағаз түрін тануға қабілетсіз. Үнсіздік бойынша науа 1 (айналма) және 2-5 науалары үшін қағаз түрі - [Жай қағаз]. Егер сіз науаларға жай қағаздан ерекшеленетін қағазды жүктесеңіз, онда қағаз түрін басқару панелінде қолдан езгертіңіз. Қағаздың басқару панелінде дұрыс бапталғанын тексеріңіз. Егер қағаз түрін баптау шын қағаз түріне сәйкес келмесе, онда тонер қағазға нашар бекітілуі мүмкін және қағазда майланулар мен басып шығару кемішіліктері пайда болады.

**Ескерту**
- Қағаз түрін баптауды басқару панеліндегі [Қағаз түрі] бөлімінде өзгертуге болады. Сіз басып шығару тапсырмасын жіберу кезінде қағаз түрін баптауды өзгерте аласыз.
- Сіз басып шығарғыш науалараръна қағазды әрбір жүктеу кезінде қағаз түрін өзгертуді ұсынатын хабарламаларды көрсетпеуге бағдарламалай аласыз. Сіз мұны басқару панеліндегі [Экран] бөлімінде бағдарламалай аласыз.

- Қағаз түрін баптау туралы ақпарат «Науалардағы қағаз түрлерін өзгерту» (70-і бет) бөлімінде келтірілген.
- Қағаз өлшемін баптау туралы ақпарат «Науалардағы қағаз форматтарын өзгерту» (71-і бет) бөлімінде келтірілген.
- [Қағаз түрі] және [Экран] баптаулары туралы ақпарат «[Қағаз түрі]» (105-і бет) және «[Экран]» (104-і бет) бөлімдерінде сәйкесінше келтірілген.
- Қағаз түрін басып шығарғыш драйверінде баптау туралы ақпарат «Қағаз түрін өзегрту кезіндегі басып шығару» (46-ы бет) бөлімінде келтірілген.

## Шығу науасының ұзартқышын кеңейту

Шығу науасының ұзартқышы баспалардың шығу науасынан түсіп қалуын болдырмайды. Құжаттарды басып шығару кезінде шығу науасын созыңыз.



# Науалардағы қағаз түрлерін езғерту

2-5 науаларында қағаз түрін езғерту үшін келесі рәсімді пайдаланыңыз.

1. Мәзір экранын шығару үшін басқару панелінде ▤< Мәзір > батырмасын басыңыз.

   Мәзір
   Басып шығару тілі

2. [Әкімғер  мәзірі] бабы пайда болмайынша, <▼> батырмасын басыңыз.

   Мәзір
   Әкімғер мәзірі

3. Таңдауды қабылдау үшін <►> батырмасын басыңыз. [Желі/Порт] керсетіледі.

   Әкімғер мәзірі
   Желі/порт

4. [Басып шығарғыш бапт.] бабы пайда болмайынша, <▼> батырмасын басыңыз.

   Әкімғер мәзірі
   Басып шығарғыш бапт.

5. Таңдауды қабылдау үшін <►> батырмасын басыңыз. [Ауыстыру науасы] керсетіледі.

   Басып шығарғыш бапт.
   Ауыстыру науасы

6. [Қағаз түрі] бабы пайда болмайынша , <▼> батырмасын басыңыз.

   Басып шығарғыш бапт.
   Қағаз форматы

7. Таңдауды қабылдау үшін <►> батырмасын басыңыз. [Науа 2] керсетіледі.

   Қағаз форматы
   Науа 2

8. Қағаз үшін қажетті науа керсетілмейінше, <▼> батырмасын басыңыз және таңдауды қабылдау үшін <►> батырмасын басыңыз. Ағымдағы баптау керсетіледі.

   Науа 2
   Жай қағаз

9. Науалардағы қағаз түрлерін езғерту
   Қағаздың қажетті түрі керсетілмейінше, <▼> батырмасын басыңыз. (Мысал: Қабықша)

   Науа 2
   Қабықша

10. Баптауыңызды растау үшін ОК/⏏ <ОК/Шығару> батырмасын басыңыз.

    Науа 2
    Қабықша*

11. Басып шығару экранына оралу үшін ▤< Мәзір > батырмасын басыңыз.

# Науалардағы қағаз форматтарын баптау

Науа 1 немесе 2-5 науалары үшін қағаздың стандартты емес елшемін баптау кезінде келесі рəсімді пайдаланыңыз. Егер 2, 3,4 немесе 5 науасына елшемі стандартты емес қағаз жүктелсе, қағаз форматы шкаласын [*] етіп баптаңыз.

**Ескерту**

- Егер сіз 2, 3,4 немесе 5 науадағы қағаз форматын өзгертсеңіз, онда қағаз форматын басқару панелінде емес, қағаз форматы шкаласының көмегімен баптаңыз.

1. Басқару панеліне Мəзір экранын шығару үшін ▤ < Мəзір > батырмасын басыңыз.

   Мəзір
   Басып шығару тілі

2. [Əкімгер мəзірі] бабы пайда болмайынша <▼> батырмасын басыңыз.

   Мəзір
   Əкімгер мəзірі

3. Таңдауды қабылдау үшін <►> батырмасын басыңыз.
[Желі/Порт] керсетіледі.

   Əкімгер мəзірі
   Желі/порт

4. [Басып шығарғыш бапт.] бабы пайда болмайынша <▼> батырмасын басыңыз.

   Əкімгер мəзірі
   Басып шығарғыш бапт.

5. Таңдауды қабылдау үшін <►> батырмасын басыңыз.
[Ауыстыру науасы] керсетіледі.

   Басып шығарғыш бапт.
   Ауыстыру науасы

6. [Қағаз форматы] бабы пайда болмайынша <▼> батырмасын басыңыз.

   Басып шығарғыш бапт.
   Қағаз форматы

7. Таңдауды қабылдау үшін <►> батырмасын басыңыз.
[Науа 2] керсетіледі.

   Қағаз форматы
   Науа 2

8. Қажет науа керсетілмейінше, <▼> батырмасын басыңыз. Оң шетке ету үшін <►> батырмасын басыңыз жəне сода кейін <▼> батырмасын басыңыз. [Науа 2 арн.] керсетіледі.

   Қағаз форматы
   Науа 2 арн.

9. Баптауыңызды растау ок/⏏ <ОК/Шығару> батырмасын басыңыз. [Кітап (Y)] керсетіледі.

   Науа 2 арн.
   Кітап (Y)

10. [Кітап (Y)] таңдау үшін <►> батырмасын басыңыз.
Ағымдағы баптау керсетіледі.

    Кітап (Y)
    148мм*

11. Ұзындықты < A> немесе <▼> батырманың кемегімен енгізіңіз жəне енгізуіңізді растау үшін ок/⏏ <ОК/Шығару> батырмасын басыңыз. (Мысал: 431 мм)

    Кітап (Y)
    431мм

12. Ұзындықты енгізуден кейін енді енгізуге кешіңіз.
Батырмасын баса отырып, [Кітап (Y)] экранына оралыңыз

Науа 2 арн
Кітап (Y)

13. <▼> батырмасын басыңыз.
[Альбомдік (X)] көрсетіледі.

Науа 2 арн
Альбомдік (X)

14. Таңдауды қабылдау үшін <▶> батырмасын басыңыз.
Ағымдағы баптау көрсетіледі.

Альбомдік (X)
75мм*

15. Енін <▲> немесе <▼> батырманың кемегімен енгізіңіз және енгізуіңізді растау үшін ок/⏏ <ОК/Шығару> батырмасын басыңыз. (Мысал: 297 мм)

Альбомдік (X)
295 мм*

16. Басқа науаларды баптау үшін 8-кезең экраны пайда болмайынша батырмасын басыңыз және алдыңғы әрекеттер кезеңдерін қайталаңыз.
Баптауларды аяқтағаннан кейін ▤< Мәзір > батырмасын басыңыз және басып шығару экранына оралыңыз.